



2023–2024 оқу жылына үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына педагогикалық-психологиялық кеңес беру жоспары

Мақсаты:

Отбасында тәрбиеленіп жатқан мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына қолдау көрсету, ата-аналардың педагогикалық және психологиялық құзыреттілігін арттыру, отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

- Ата-аналарға баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық-психологиялық кеңес беру;
- Балалардың денсаулығын сақтау, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін арттыру;
- Баланың мектепке дейінгі кезеңдегі тұлғалық, танымдық және әлеуметтік дамуына қолайлы жағдай жасау.

№	Іс-шаралар	Уақыты	Жауапты
1	Консультативтік пункттің жұмыс тәртібімен және қызмет бағыттарымен таныстыру	Қыркүйек	Меңгеруші
2	Кеңес: «Баланың балабақшаға үйренуіне қалай көмектесуге болады?»	Қыркүйек	Педагог-психолог
3	Ата-аналардың өтініші бойынша жеке кеңестер ұйымдастыру	Сұраныс бойынша	Консультативтік пункт мамандары
4	Кеңес: «Күзгі кезеңдегі балалар денсаулығын сақтау жолдары»	Қазан	Медбике
5	Психологиялық кеңес: «Баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктерді дұрыс қабылдау»	Қараша	Педагог-психолог
6	Практикалық кеңес: «Отбасындағы дамытушы ойындардың маңызы»	Желтоқсан	Педагог-тәрбиеші
7	Ата-аналарға жеке консультациялар	Үнемі	Консультативтік пункт мамандары
8	Кеңес: «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі»	Қаңтар	Тәрбиеші

9	Кеңес: «Баланың иммунитетін нығайтудағы шынықтырудың рөлі»	Ақпан	Медбике
10	Кеңес: «Логикалық ойлауды дамытуға арналған зияткерлік ойындар»	Наурыз	Педагог-тәрбиешілер
11	Ата-аналардың сұранысына сәйкес жеке кеңестер өткізу	Үнемі	Педагог-тәрбиешілер
12	Кеңес: «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік және сауықтыру шаралары»	Сәуір	Тәрбиешілер
13	Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке кеңес беру	Мамыр	Педагог-психолог
14	Консультативтік пункт жұмысының қорытындысы және келесі оқу жылына ұсыныстар	Мамыр	Кеңес беру пунктінің мамандары